


№5 (177) Мамыр 2021 жыл


Майданием



«ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕСУДІҢ СӘТТІ КЕЗЕНДЕРІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОТОКӨРМЕ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұражайы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Қытай Халық Республикасының Бас консулдығымен бірлесіп «Қытай Халық Республикасында туризмді дамыту арқылы кедейлікпен күресудің сәтті кезендері» атты халықаралық фотокөрмесі ашылды.

Кедейлікті жою-бүкіл адамзаттың ортақ миссиясы. Халықаралық туризмді дамыту шеңберінде кедейлікті азайту жөніндегі қытай тәжіриbesі қызығушылық тудырып отыр. Соңғы жылдары Қытай Халық Республикасы туризм, мәдениет және әлеуметтік экономиканың үйлесімді интеграциясына баса назар аудара отырып, кедейлікпен шешуші күрес жүргізуде. Орташа ауқатты қоғам құру және 2030 жылға дейінгі кезеңге орнықты даму саласындағы күн тәртібін жүзеге асыру шеңберінде Қытай үкіметі кедейлікті жою жөніндегі стратегияны іске асыруға және



кедейлікten 98 миллионнан астам адамды шығаруға қол жеткізді, бұл халықтың 7% - ын құрады.

Туризм индустріясы Қытайдың жанжақты қызметінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде біртіндеп күшіне түсіде және кедейлікті жоюда үлкен рөл атқарады. Қытай Халық Республикасы

туризмді, ауыл шаруашылығын дамытуға және ауылдарды жандандыруға үлкен үлес қосуда.

«Қытай Халық Республикасында туризмді дамыту арқылы кедейлікпен күресудің сәтті кезендері» атты фотокөрмесі қытайдың 20-ға жуық елді мекенін мысалға ала отырып, кедейлікпен күресудің модельдерімен таныстыруды. Фотокөрме материалдарынан мұражай көрермендері мемлекеттік бағдарламаның, жергілікті үкіметтің және коммерциялық құрылымдардың қолдауымен ауылдарда, қалаларда, автономды округтерде, уездерде, елді мекендерде кедейлікті азайтуға және кедейлікті жоюға бағытталған көптеген жобалар жүзеге асырылғанын көрсетті.



**Назира КЕНЖЕҰЛҚЫЗЫ,
Сымбат Маратқызы,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік**

орталық мұражай қызметкерлері